

Ж.К. Ибраева^{1*} , **Г.С. Нәбиева¹** , **У.П. Риверс²** 

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Тілдер жөніндегі біріккен ұлттық комитет – Тілдер және халықаралық зерттеулер бойынша ұлттық кеңес АҚШ, Вашингтон қ.

*e-mail: zhanar.kulmat@gmail.com

УЗУС ЖӘНЕ ИНТЕРФЕРЕНЦИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ (қостілділер сөйлеуі мысалында)

Қазақстан қоғамында болып жатқан тілдік үдерістер лингвист, әлеуметтанушы, саясаттанушы, этнолог, педагог және психолог ғалымдардың назарын аудартуда. Бүгінгі таңда қазақ тілінің функционалды мәртебесінің және оған деген қатынастың өзгеруіне зерттеушілер ерекше көңіл бөлуде. Еліміздің мемлекеттік тілі мәртебесіне ие бола отырып, өткен жиырма жылдықта қазақ тілі саясат, іс жүргізу, ғылым және білім сияқты қарым-қатынастың негізгі салаларында маңызды рөл атқара бастады. Оның нәтижесінде, қостілділік жағдайындағы қазақ тілінің орны мен мәртебесі де өзгеріске ұшырады. Берілген мақала орыс-қазақ қостілділігін және оның билингвтердің сөйлеу әдебіне әсерін зерттеуге арналған. Мақалада билингвизм түрлері сипатталып, зерттеудің метатіліне баса назар аударылған. Билингвизм теориясына қатысты лексикографиялық дереккөздерге, отандық және шетелдік зерттеушілердің жұмыстарына негізделіп келе, екі тілдің қалыптасуына, қолданылуына және билингвтің қалыптасуына жәрдемдесетін және/немесе кедергі келтіретін факторларды талқылай отырып, авторлар «бірінші тіл», «екінші тіл», «отбасылық тіл», «ана тілі» терминдеріне берілген түрлі анықтамаларды келтіреді. Мақалада қазақ тілі Т2 болып табылатын билингв қазақтардың тілі мен сөйлеуін зерттеу үшін жүргізілген арнайы тәжірибенің алдын ала нәтижелері және әртүрлі әдіс-тәсілдер арқылы тіркелген лексикалық, фонетикалық және грамматикалық деңгейдегі узуалды құбылыстардың талдауы көрсетілген.

Түйін сөздер: билингвизм, тілдік норма, узус, тілдік жағдаят, ана тілі, бірінші тіл, екінші тіл.

Zh. Ibrayeva^{1*}, G. Nabiyeva¹, W.P. Rivers²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

²National Committee for Languages – National Council for Language and International Studies, USA, Washington

*e-mail: zhanar.kulmat@gmail.com

The issues of language usage and language interference (on the examples of bilingual's speech)

The language processes taking place in Kazakhstani society continue to attract the attention of linguists, sociologists, political scientists, ethnologists, educators and psychologists. Today, researchers are focused on changing the functional status and value orientations in relation to the Kazakh language. Over the past twenty years, the Kazakh language, having become the state language of the country, began to occupy positions confidently that correspond to this status in regulated areas of communication (politics, paperwork, science, education, etc.). And as a result, a change in the place and role of the Kazakh language in bilingualism. This article is devoted to the study of Russian-Kazakh bilingualism and its influence on the speech behavior of bilinguals. This article presents an overview of the bilingualism classifications, special attention is paid to the metalanguage of the study. Based on a lexicographic sources' review, works of domestic and foreign researchers on bilingualism theory, the authors give an example of various interpretations of the terms "first language", "second language", "family language", "mother tongue (native language)", discussing factors that contribute to and / or impede the formation of two languages, the use of languages and their influence on the formation of bilingual. The article describes the preliminary results of experimental studies of the language and speech of Kazakh bilinguals with the Kazakh language as L2., the analysis of usage phenomena at the lexical, phonetic and grammatical levels, fixed with the help of various research methods and techniques was carried out.

Key words: bilingualism, linguistic norm, language usage, language situation, mother tongue (native language), first language, second language.

Ж.К. Ибраева^{1*}, Г.С. Нәбиева¹, У.П. Риверс²

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Объединенный национальный комитет по языкам – Национальный совет по языкам и международным исследованиям, США, г. Вашингтон

*e-mail: zhanar.kulmat@gmail.com

Вопросы узуса и интерференции (на примере речи билингов)

Языковые процессы, происходящие в казахстанском обществе, продолжают привлекать внимание лингвистов, социологов, политологов, этнологов, педагогов и психологов. Сегодня в фокусе внимания исследователей – изменение функционального статуса и ценностных ориентаций в отношении казахского языка. За прошедшее двадцатилетие казахский язык, став государственным языком страны, стал уверенно занимать позиции, соответствующие данному статусу в регулируемых сферах общения (политике, делопроизводстве, науке, образовании, и др.). И как следствие – изменение места и роли казахского языка в условиях билингвизма. Настоящая статья посвящена исследованию русско-казахского двуязычия и его влияния на речевое поведение билингов. Авторами представлен обзор классификаций билингвизма, особое внимание уделено метаязыку исследования. На основании обзора лексикографических источников, работ отечественных и зарубежных исследователей по теории билингвизма авторы приводят в пример различные трактовки терминов «первый язык», «второй язык», «семейный язык», «родной язык», обсуждая факторы, способствующие и/или препятствующие становлению двух языков, употреблению языков, и их влияния на формирование билингва. В статье описаны предварительные результаты экспериментальных исследований языка и речи казахов-билингов с казахским языком как Я2., проведен анализ узуальных явлений на лексическом, фонетическом и грамматическом уровнях, зафиксированных с помощью различных методов и приемов исследования.

Ключевые слова: билингвизм, языковая норма, узус, языковая ситуация, родной язык, первый язык, второй язык.

Кіріспе

Әлем бойынша жүзеге асып жатқан жаһандану үдерісінің салдарынан жер бетіндегі тілдік қатынастар ерекше қарқынмен дамуда. Бұл өз кезегінде тіл білімінде қостілділік және көптілділік мәселелерінің белсенді түрде зерттелуіне алып келді. Қазақстандық ғалымдар еңбектерінде қостілділік әртүрлі тұрғыдан барынша зерттелген. Б. Хасанұлы қазақ және орыс тілдерінің қолданылу және қызмет ету салаларын зерттеп, мемлекеттік тіл және ұлттық тілдер қызметінің дамуы бойынша ұсыныстар жасады. Қазақ тілділер арасында орыс тілінің қолданылу ерекшеліктері М.М. Копыленко және С.Т. Саина жұмыстарында қарастырылған. Э.Д. Сүлейменова еңбектерінде контрастивті лингвистика тұрғысынан қостілділік мәселесі, қазақ және орыс тілдері дамуының негізгі үрдістері, тұлғаның екінші тілде өмір сүруі мен дамуының когнитивті, креативті және педагогикалық аспектілері, тілдік саясат және тілдік жағдаят мәселелері қарастырылған. М.М. Копыленко, З.К. Ахметжанова, М.К. Исаев, М.Т. Тезекбаев, К.М. Байбулсинова сынды отандық ғалымдар интерференция мәселесіне көңіл бөлген. Билингв қазақтар сөйлеуіндегі код ауысты-

ру мәселесі Г.С. Суюнова еңбектерінде, ал қостілділіктің психолінгвистикалық негіздері, тілді таңдау және тілді қалау мәселелері Ж.К. Ибраева еңбектерінде көрініс тапқан. Қостілділік түсінігіне байланысты ғалымдар пікірі әрқилы. Белгілі ғалым Б.Х. Хасанұлы «Қостілділік – белгілі бір территория көлеміндегі ұлтаралық (этносаралық) қарым-қатынасқа түсетін белгілі бір этникалық қауымдастық өкілдерінің, бүкіл қоғамның(социумның) әртүрлі жағдайда екі тілді (әдетте ана тілі мен екінші тілді) алма-кезек немесе қатар қолдануы» деген анықтама бере отырып, «Егер адам, адамдар тобы, қоғам этникалық белгісіне қарай қанша алуан болса да, екі тілде сөйлесе (жазса, оқыса) ғана қостілді (билингв) болып саналады» деген қорытындыға келеді (Б. Хасанұлы, 2006: 86). Арнайы әдебиеттерде берілген анықтамаларға сүйенетін болсақ, қостілділік дегеніміз сөйлеушінің табиғи қарым-қатынас барысында жиі қолданатынын екі тілді меңгеруі болып табылады. Анықтамаларда сөйлеушінің тілдерді меңгеру дәрежесі туралы сөз болмайды: индивид бір тілді екінші тілге қарағанда төмен дәрежеде меңгеруі әбден мүмкін және сол тілді жақсы меңгерген тіліне қарағанда жиі қолдануы ықтимал (Е.Ю. Протасова, Н.М. Родина, 2005: 8).

Бүгінгі еліміздегі тілдік жағдай көптілді және экзоглосты деп қарастырылады. Қазақстан аумағында өмір сүретін барлық этностардың ұлттық тілдері бар екендігі мәлім. Дегенмен, елдегі қарым-қатынастың негізгі құралы ретінде қазақ және орыс тілдері сипатталады. Көстілділік бұл республикадағы ең маңызды тілдік көрсеткіш болып табылады. Қазақстан тілші ғалымдарының аса назар аударатын мәселелерінің бірі қазақ-орыс және орыс-қазақ көстілділіктері. Қазақ-орыс көстілділігін орыстандыру саясатымен байланысты Қазақстан және Ресей қазақтарына тән кең өріс тапқан тілдік құбылыс деп анықтайды. Орыс-қазақ көстілділігі, керісінше, қазақ тілінің жаппай меңгерілуімен байланысты құбылыс.

Тарихи, әлеуметтік және саяси факторларға байланысты қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне 1989 жылғы Қазақ КСР Жоғары Кеңесінде ғана қол жеткізілді. Бұл мәселе 1995 жылғы Ата Заңда конституциялық шешімін тапты. 1997 жылғы «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңда қазақ және орыс тілдерінің негізгі құқықтық мәртебелері мен қағидалары одан әрі дамытылды. Осы маңызды құжатты жүзеге асыру мақсатында алдағы басым бағыттар мен міндеттер де айқындалды. Аз уақытта қазақ тілі белсенді түрде қоғам өмірінің көптеген салаларына ене бастады. Мұның барлығы қазақ тілінің дамуына игі ықпал жасады (Б. Әбдіжәлелұлы, 2016: <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=40250>). Тәуелсіздік жылдарынан кейін қазақ тілінің мемлекеттік дәрежеде қызмет етуі еліміздегі бұқаралық билингвизмнің таралуына алып келді. Себебі, орыс тілін әкімшілік салада қолдану ақырындап екінші орынға ығыса бастады. Іс қағаздар жүргізу, білім беру және БАҚ саласында қазақ тілі мәртебесі жоғары жылдамдықпен көтеріле бастады.

Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебенің берілуі елдегі тілдік жағдаяттың өзгеруіне септігін тигізді – нағыз көстілділіктің орын алуы, әлеуметтік маңызы бар салаларда қазақ тілі мәртебесінің артуы. Зерттеушілер республикадағы тілдік жағдаяттағы оң үрдістердің орын алғанын атап көрсетті: орыс тілділердің мемлекеттік тілді меңгеруінде үлкен серпілістің орын алуы; ресми, іскерлік, тұрмыстық салаларда көстілділіктің жаңа түрі – орыс-қазақ көстілділігінің пайда болуы (З.К. Ахметжанова, 2001: 27).

Көптілділік көбінесе көстілділік түрінде жүзеге асатыны белгілі. Іс жүзінде көптілді мемлекетте функционалдық және демографиялық тұрғыда екі қуатты тілдің үстемдік етуіне

көптеген мысалдар келтіруге болады (Португалия, Бельгия, Испания, Финляндия, ТМД елдері – Белоруссия, Қырғызстан, Ресей және т.б.). Жоғарыда аталған фактілер қазақ және орыс тілдері үстемдікке ие Қазақстандағы тілдік жағдаяттың ерекшелігін анық көрсетеді (де-юре және де-факто).

Егеменді елдің қалыптасу жолындағы орыс-қазақ көстілділігінің пайда болу мәселелерін зерттеу ана тілі немесе бірінші тілі орыс тілі болып табылатын Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік тілді меңгеруін жан-жақты, әртүрлі тұрғыдан зерттеумен байланыстырылады. Осы орайда қазақ тілі Т2 болып табылатын көстілді қазақ ұлтының өкілдері сөйлеу ерекшеліктерін әлеуметтік лингвистикалық және психолінгвистикалық тұрғыда зерттеу аса өзекті.

Көстілділік мәселесі туралы сөз қозғалғанда, алдымен, бірінші тіл, екінші тіл және ана тілі терминдеріне анықтама беріп өткен жөн деп санаймыз. Себебі, берілген терминдерді ғалымдар әртүрлі анықтайды. Зерттеу жұмысында бірінші тіл және екінші тіл терминдері жеке индивидтің тілді меңгеру ерекшеліктерін сипаттау үшін жұмсалып отырған ұғымдар. Ана тілі – 1. Ересектердің тіліне еліктей отырып, баланың сәби шақта саналы емес түрде меңгерген тілі; адамның есейген шағында пайдалану дағдылары сақталуы немесе жоғалуы мүмкін. Ана тілі бірінші тіл, екінші тіл, басым тіл бола алады. 2. Кез келген халықтың Тілдік санасында маңызды орын алатын, «өзімдікі» және «бөгде» деген ұғымдарды ажырататын менталды Стереотиптердің іс әрекетіне байланысты, этноспен сәйкестілік тілі. Б.Х. Хасановтың көзқарастары бойынша, ана тілі – этникалық категория: әлемдегі басқа тілдердің қай-қайсынан да өзінің ішкі құрылымы арқылы айрықшаланатын, тарихи тұрғыдан сандық көлеміне қарамастан нақты бір этносқа (тайпаға, ұлысқа, халыққа, ұлтқа) тиесілі, осы этностың этникалық сана-сезімінде бекітілген, этникалық қажеттіліктері толық қанағаттандыру үшін өмірдің барлық салаларында (кем дегенде отбасылық, тұрмыстық қарым-қатынастарда) қолданылатын, тұрғылықты мекеніне, жынысына, жас мөлшеріне, діни ұстанымына, наным-сеніміне, кәсібі мен қызмет түріне, әлеуметтік және әл-ауқат жағдайына қарамастан этностың барлық мүшелері үшін ортақ құрал болып табылатын, кез келген табиғи тіл (Э.Д. Сүлейменова, Н.Ж. Шаймерденова, Ж.С. Смағұлова, Д.Х. Ақанова, 2008: 21).

Шетелдік әдебиеттерде ана тілі терминімен бір мәнде «first language», «dominant language», «home language», «native tongue», «mother/father/parent tongue», «arterial language» терминдері қолданылады. Қостілділік жағдайында ана тілі бірінші тіл болуы мүмкін. Жеке тұлғаның ана тілі оның этностық тілімен сәйкес келмейтін жағдайлар да аз емес. Мәселен, этностық қазақтардың арасында ана тілі және бірінші тілі қызметін орыс тілінің атқаруы да жиі кездесетін жайт. Зерттеудің негізгі нысаны билингвтердің бірінші және екінші тілі, олардың бір-біріне әсер етуі болып табылады. Бірінші тіл – 1. Қостілді адамның тілдерді дербес (онтогенетикалық) тұрғыдан меңгерген мерзімі бойынша бірінші тіл. 2. Функционалдық тұрғыдан бастапқы (артықшылық берілетін) үстем тіл. Ал, қостілді адамның адамның бала кезінде, өзбетінше дербес түрде үйренген тілдерінің екіншісі; реті қарай бірінші тілден кейін меңгерілген тіл – екінші тіл. Екінші тіл ана тіліне сәйкес түспеуі де мүмкін. (Э.Д. Сүлейменова, Н.Ж. Шаймерденова, Ж.С. Смағұлова, Д.Х. Ақанова, 2008: 94). Кэмбридж сөздігінде де бірінші тіл терминіне екі түрлі анықтама берілген – тұлғаның мерзімі бойынша алғаш меңгерген тілі және баланың өсу барысында ата-анасынан үйренген тілі. Бірінші тіл (T1) және екінші тіл (T2) арасындағы маңызды айырмашылық тілді меңгерген адамның жас ерекшелігіне байланысты. Мысалы, лингвист Эрик Леннеберг екінші тіл терминін адамның кәмелетке толғаннан кейін саналы түрде меңгерген тілін сипаттау үшін қолданады. Көп жағдайда адамдар екінші тілде ана тіліндегі сияқты жыдам түсініп, сөйлей алу дәрежесіне жете алмайды (Billiet J, Maddens B., Beerten R., 2003: 257)

Тәжірибе

Мемлекеттік тілді жаппай меңгеруге бағытталған тілдік саясат әсер еткен әлеуметтік топтың бірі 40 жастан асқан билингв, яғни қостілді қазақ этносының өкілдері. Билингв деп дербес екі тілді қатар меңгерген тұлғаларды атасақ, біздің жағдайымызда қазақ және орыс тілдерін қатар меңгерген қазақ ұлтының өкілдерін билингв қазақтар деп беріп отырмыз.

Берілген мақалада Алматы қаласы бойынша қазақ тілі T2 болып табылатын педагогикалық салада қызмет ететін қостілді қазақтар арасында жүргізілген бақылау нәтижелері көрсетіледі. Педагогтар халықтың әлеуметтік тұрғыда белсенді тобы болып саналады. Олар мемлекеттік саясат-

ты жүзеге асырудағы негізгі субъектілер. Респондент ретінде ЖОО оқытушыларының таңдалуы білім берудің барлық деңгейлерінде оқытудың қазақ тілінде жүргізілуімен, қазақ тілінің пән ретінде барлық мамандықтарда оқытылуымен және педагог қызметкерлердің қазақ тілін меңгеру дәрежесінің барлық салада қазақ тілінің мәртебесінің артуына, қазақ тілінің өміршеңдігі мен қолданылу аясының кеңеюіне әсер етуімен және педагогтардың мақсатты түрде қазақ тілін үйрене бастауымен байланысты түсіндіріледі.

Респонденттердің жас ерекшеліктеріне байланысты +40 жас деп таңдалуының да себептері бар. Қазақ тілі өзінің мемлекеттік мәртебесіне шамамен өткен ғасырдың соңғы онжылдығында ие бола бастады. Бүгінгі 40 жастан жоғары қазақстандықтар ол кездері 10 жастан асқан азаматтар. 10 жасында кез келген адам қандай да бір тілді меңгеріп, тілдік жүйенің барлық қабаттары қалыптасып үлгереді. Респондент ретінде таңдалып отырған бүгінгі қостілді қазақтар ол кездері орыс тілін ғана меңгерген. Мектепте, ЖОО-да орыс тілінде білім алған. Қазақ тілі T2 болып табылатын қостілді қазақтардың өзі отбасы мүшелерінің қазақ тілін меңгеруіне қарай ажыратылады. Себебі, кейбіреулерінің отбасында байырғы аталары қазақ тілін меңгерген болуы мүмкін. Орыс тілі тек 4 және 5 ұрпақтан бастап қана қолданылған болуы ықтимал. Ал, екінші бір респонденттердің отбасылары әуел бастан тек орыс тілінде сөйлеген. Бұл екеуінің арасында міндетті түрде айырмашылық болады. Өйткені, отбасында қазақ тілін мүлде естімеген тұлға мен фондық түрде болсын қазақша сөйлеуді естіп өткен орыстілді тұлғаның қазақша сөйлеуі бір-бірінен ерекшеленеді.

Тілді білу – адам бойындағы қабілет. Тілдерді оқып, үйреніп жүрген тұлға көптеген мүмкіндікке ие. Кез келген тілді үстіртін ғана меңгерген адам, экономикалық тілмен айтқанда, ол тілден «пайда көрмейді». Өртүрлі тілде сөйлейтін ата-аналар балаға әркім өз байлығы мен жетістігін сыйға тартады, ол – ана тілі. Егер, ата-аналар осы екі тілдің бала өмірінде толыққанды және тең дәрежеде қолданылуына жәрдем етсе, баласының болашағын қамтамасыз етеді. Ана тілі арқылы баланың тұлға болып қалыптасуының негізі қаланады. Ол үшін оған алғаш күннен бастап нәрестенің жанында болып, оны тәрбиелетін жақын адамдарының рөлі маңызды. Тілдерді қолдамаса, оларды жоғалтып алуға болады: тілдер үнемі қатынаста болып, дамып, жетіліп отыруы тиіс. Тілді қолданудағы үзілістер тілдің «тот басуына» алып келеді. Де-

генмен, адам он жасына дейін қолданған тілді ұзақ жылғы «ұйқыдан» кейін де оятуға болатынын зерттеулер көрсетіп отыр (Е.Ю. Протасова, Н.М. Родина, 2005: 5).

Бала кезден бастап қазақ және орыс тілдерін араластырып сөйлеген немесе мүлде қазақша сөйлемеген тұлғаларға қазақ тілінде еркін, әрі қатесіз сөйлеп кету оңай болмағаны түсінікті жағдай. Бақылауға алынған респонденттердің оқуды бітіріп, жұмысқа орналасатын шақтары «қазақтандыру» саясатының кезеңімен тұспа-тұс келді. Барлық дерлік жоғары оқу орындарының оқытушылары сабақтар мен оқу орнының жалпы қызметі қазақ тілінде жүргізіле бастағандықтан қазақ тілін үйрене бастады. Оған қоса, педагогтар қызметінің негізгі тұтынушысы болып табылатын тәуелсіз қазақстанда туылған студенттер қазақ тілін жақсы меңгерген болып саналды. Сол себептен экономикалық, мәдени, саяси, әлеуметтік және т.б. экстралингвистикалық факторларға байланысты бұл тұлғаларда қазақ тілінің тілдік жүйесін меңгеру үлкен жылдамдықпен жүзеге асты деуге болады. Жоғарыда аталған түрлі факторларға, тіл үйрену уәждемесінің жоғары болуына және тілді қысқа мерзімде меңгеру тура келуіне байланысты қазақ тілі Т2 болып табылатын орыстілді қазақтар тілінде ерекше лингвистикалық құбылыстар қалыптаса бастады.

Д. Шайбакова зерттеулерінде кез келген қазақ-орыс билингвтінің бір уақытта үш түрлі тілдік топтың мүшесі болатындығы туралы айтты: билингвтің тек бірінші тілін пайдаланатын монолингвтерден тұратын бірінші топ; билингвтің екінші тілін ана тілі ретінде пайдаланатын монолингвтерден тұратын екінші топ; Т1 мен Т2-ні меңгеру дәрежелері ескерілмейтін және тек билингвтерден тұратын үшінші топ. Бірінші тілдері әртүрлі индивидтердің қарым-қатынасы үшін олардың тым болмаса біреуінің серіктесінің тілін түсініп, сөйлей алатындай дәрежеде меңгеруі қажет. Т2-ні жеткілікті меңгермеген жағдайда билингвтің тілінде нормадан ауытқушылықтар байқалады. Ал, Т2-ні жиі қолдану, керісінше, оның тұлғаның сөйлеуіне анық әсер етуіне алып келеді (Д.Д. Шайбакова, 2009: 142).

Аталмыш құбылыстардың орын алуын анықтау мақсатында арнайы бақылау жүзеге асты. Берілген тәжірибе алғашқы сынақ ретінде жүргізілгендіктен респондент ретінде 30 педагогикалық қызметкер алынды. Зерттеліп отырған нысан туралы алғашқы тәжірибелік ақпаратты алу үшін қолданылатын бақылау әдісі

алдын ала дайындықсыз сөйлеуді тіркеу үшін пайдаланылатын ең оңтайлы әдістердің бірі болып саналады. Бір қарағанда, бақылау үдерісі жеңіл көрінуі мүмкін, алайда ақпаратты жинауды әдісі ретінде оған да әдістемелік талаптар қойылады. Мақсаттылық пен жоспарлылық аталған талаптардың ішіндегі ең негізгілері. Бұл дегеніміз зерттеуші назары оны қызықтыратын тілдік және сөйлеу құбылыстарында ғана болуы тиіс дегенді білдіреді.

Сөйлеу үдерісін зерттеу мақсатында лингвистер психологияның бақылау әдісіне жүгінеді. Бақылау әдісі туралы айтқанда тұлғаның жеке басы мәселесі міндетті түрде назарда болуы қажет. Бұл мәселеге қатысты 1892 жылы құрылған Америкалық психологиялық қауымдастық (American Psychological Association – АРА) тарапынан арнайы Этикалық кодекс құрастырылған. Аталмыш Қауымдастық Америкадан, Канададан және басқа да елдерден жалпы саны 150 мың психологтың басын біріктіретін осы бағыттағы әлемнің ең беделді ұйымдарының бірі. Қауымдастыққа енетін психологтардық зерттеу әрекеті жоғарыда аталған Кодекске қатаң бағынады. Кодекс ережесі бойынша бақылау әлеуметтік ортада жүргізілетін болса, ол үшін бақылауға қатысушылардың келісімі қажет етілмейді. Зерттеуші қатысушыларға зиян келмеуін қамтамасыз етуі қажет және қандай жағдай болмасын зерттеуге қатысушылар туралы жеке мәліметтерді құпия сақтауы тиіс. Бұл талаптарды тек қауымдастық мүшелері емес, жалпы зерттеушілердің барлығы ескергені дұрыс деп есептейміз (Л. Томас, 2003: 218).

И.А. Стерниннің пайымдауынша, лингвистикалық бақылау ауызша не жазбаша формадағы тілдік материалды талдау және тіркеу дегенді білдіреді. Бақылау барысында тілдік материалдар қағаз бетіне, арнайы карточкаларға тіркеледі немесе магнитофонға, компьютерге және видеожазбаға басып алынады (И.А. Стернин, 2008: 24).

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Арнайы жүргізілген бақылау барысында костілділер тіліндегі ерекшеліктер қағаз бетіне тіркеліп, арнайы диктофонға басылып жазылды. Жүргізіліп отырған байқаудың жүйелі болуы да аса маңызды. Көбіне көп бақылау зерттеуді жүргізу үшін қолайлы жағдаяттарда жүзеге асады. Біздің зерттеуіміз де зерттелушілер үшін қалыпты орта – кәсіби ортада жүргізілді.

Анықталған узуалды құбылыстар тілдік қабаттар бойынша жеке-жеке сипатталады.

1. Грамматикалық қабаттағы узуалды құбылыстар.

Бақылау барысында билингв қазақтардың сөйлеуінде анықталған қателердің 70%-ын грамматикалық қателер құрайтыны анықталды. Сондықтан, зерттеу нысанына алынып отырған әлеуметтік топтың сөйлеуінде кездесетін грамматикалық қателер жеке қарастырылды. Грамматикалық қателердің орын алуы біріншіден, билингвтердің қазақ тілінің грамматикасын жеткіліксіз дәрежеде меңгеруімен, екіншіден, бірінші тілі, яғни орыс тілінің тілдік жүйесінің әсер етуінен туындап отырған интерференциямен байланыстырылады. Тілдердің бір-біріне әсерін анықтауға арналған интерференция термині 1953 жылы У.Вайнрайхтың «Тілдік қатынастар» еңбегінің жарық көруінен кейін кеңінен тарала бастады. Вайнрайхтың пайымдауынша, лингвистикалық интерференцияның пайда болуы екі тілдік ұжымның арасындағы сөйлеу қарым-қатынасымен немесе екінші тілді үйрету үдерісімен байланысты (У. Вайнрайх, 1992; 11). Қазіргі ағылшын әдебиеттерінде интерференция терминінен гөрі, оң не теріс трансфер, яғни тасымал терминін қолдануды дұрыс деп санайды. Себебі, интерференцияны олар билингвтер сөйлеуіндегі негативті құбылыстармен байланысты қарастырады. Ал, бір тілдің элементтерінің екінші тілде көрініс табуы, тілдік жүйенің тасымалдануымен байланысты деп пайымдайды (Д. Хара, 2014: 63). Интерференцияға берген Вайнрайхтың анықтамасын толықтыра келе, интерференция деп тұлғаның бір тілден артық тілді меңгеру кезіндегі тілдік қатынастардың барысында әр тілдің нормасынан ауытқу үдерісін атаймыз.

1.1. Синтаксистік қабаттағы узуалды құбылыстар.

Сөйлеу барысында синтаксистік заңдылықтардың сақталмауы бүгінде жиі кездесетін құбылысқа айналып отыр. Көптеген узуалды сипатта болған синтаксистік қателер уақыт өте келе нормаға айналууда. Көптеген қателерді қарым-қатынас барысында байқау да қиын. Қазіргі кезде ондай қолданыстар сөйлеушілер арасында тіпті қате болып көрінбеуі де мүмкін. Қазақ тілі Т2 болып табылатын қостілді қазақтардың сөйлеуінде келесі тілдік бірліктер анықталды (сызықша арқылы дұрыс нұсқасын көрсетіп отырмыз): *мен ойлаймын сабақ болмайды/мен сабақ болмайды деп ойлаймын; ол айтты келмейді/ол келмеймін деп айтты, ол келмейтінін айтты; мен сенемін*

олар жеңіске жетеді/мен олардың жеңіске жететіне сенемін; мен келемін жиналысқа/мен жиналысқа келемін; Сіз неге кешігіп келдіңіз сабаққа/Сіз неге сабаққа кешігіп келдіңіз; неге ерте жібердіңіз студенттерді сабақтан/неге студенттерді сабақтан ерте жібердіңіз; Сіз өз жауабыңызда айттыңыз оны зерттемедім деп/Сіз өз жауабыңызда оны зерттемедім деп айттыңыз немесе оны зерттегеніңізді айттыңыз; Сіз зерттедіңіз ба осы мәселені/Сіз осы мәселені зерттедіңіз ба; жинаған тілдік бірліктердің қаншасы термин сіз үшін/Сіз үшін жинаған тілдік бірліктердің қаншауы термин; далап ешкім демейді/ешкім далап демейді, далап ешқашан демейді/ешқашан далап демейді; қаншама бізде терминдер бар/бізде қаншама терминдер бар; қазір біздің сарапшыларымыз айттып жатыр жеткілікті зерттелмеді деп/ қазір біздің сарапшыларымыз жеткілікті зерттелмеді деп айттып жатыр; Сіз өздеріңіз айттыңыздар бүгін деп/Сіздер өздеріңіз бүгін деп айттыңыздар. Келтірілген мысалдардан сөйлем құрау барысында сөздердің орын тәртібінің сақталмағанын көріп отырмыз. Сөздердің орын тәртібі – сөйлем мүшелерінің сөйлемде орналасу реті. Сөйлем басында бастауыш пен баяндауыштың, яғни тұрлаулы мүшелердің қатар келіп, тұрлаусыз мүшелердің олардан кейін қолданылуына орыс тілінің әсер етіп тұрғаны анық. Орыс тілінде сөйлем мүшелерінің грамматикалық тұрғыда қатал тәртібі жоқ. Коммуникативтік жағдаяттағы сөйлеушінің мақсатына орай сөйлем мүшелерінің орны өзгере алады. Сөйлемдегі сөздер реті синтаксистік, мағыналық және стилистикалық сипатқа ие. Қазақ тіліндегі сөздердің орын тәртібі типологиялық тұрғыда оның жалғамалы құрылымдық көрсеткіштерінің бірі. Сөздердің орын тәртібінің сөйлемнің жасалуында зор мәні бар. Оның тұрақты және жылжымалы типтері бар. Мысалы: орын тәртібі тұрақты болатындарға жалғаусыз қабыса байланысатын сөйлем мүшелерін, орын тәртібі жылжымалы болатындарға жалғаулар арқылы қиыса, менгеріле байланысатын сөйлем мүшелерін жатқызуға болады. Сөздердің орын тәртібі синтаксистік байланыстардың басты түрінің бірі ретінде сөйлемдегі сөздердің қызметін анықтауға мүмкіндік береді. Жалпы ереже бойынша баяндауыш сөйлемнің соңында, бастауыш одан бұрын, анықтауыш анықтайтын сөзінен, толықтауыш пен пысықтауыш өздері қатысты сөздерден бұрын тұрады (М. Балақаев, М. Томапов, Е. Жанпейісов, Б. Манасбаев, 2005: 104). Сонымен қоса, жинақталған тілдік материалдар

арасынан сөйлеуді көсемше формасымен аяқтау үрдісінің орын алып отырғанын көруге болады. Қазақ тілінде көсемше формасында тұрған сөзбен сөйлем аяқталмайды. Негізгі көсемше сөйлемде пысықтауыштық қызмет атқарады. Бұл жағынан алғанда ол үстеу мен етістікті жалғастырушы буын ретінде әрекет етеді. Көсемшелер құрмалас сөйлемдегі бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы қызметін атқара алады.

1.2. *Морфологиялық қабаттағы узуалды құбылыстар.*

Одар айтқан/олар айтқан; ондарда жоқ екен/оларда жоқ екен; оқударын керек/оқуларың керек; одар айтыпты/олар айтыпты; баладар келмеді/балалар келмеді, Мырзағалиевадар айтты/Мырзағалиевалар айтты; Жазирадар айтты/Жазиралар айтты сияқты тілдік бірліктер респонденттердің қазақ тілінде сөйлеуінде жиі кездескен қателер болып табылады. Берілген зерттеу материалдарынан көптік жалғаудың қате жалғанып тұрғанын көруге болады. *Одар, ондар, Жазирадар, Мырзағалиевадар, баладар* және т.б. сөздерде көптік жалғаудың *лар* формасының орнына *дар* нұсқасы жалғанып тұр. Үндестік заңына сәйкес, сөздің түбірінің соңғы буынында үнді дауыссыз тұрғандықтан, жалғаудың да үнді дауыссыздан басталатын нұсқасын қолдану керек еді. Жалпы көптік жалғау ең жиі қолданылатын жалғау түрі болып келеді. Агглютинативті тіл типіне жататындақтан, қазақ тілінде түбір сөзге жалғауларды қатарынан жалғау арқылы жаңа грамматикалық мағына берілетінін білеміз. Реті бойынша түбірге алғаш болып көптік жалғау жалғанады. Көптік жалғау – жалғанған сезіне көптік мағына беретін қосымша. Көптік жалғауының дыбыс үндестігіне қарай алты варианты қолданылады: *-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер*. Сөздегі дыбыстардың ерекшелігіне қарай көптік жалғау түрлерінің біреуі таңдалады (Қазақ тілі. Энциклопедия, 1998: 203).

Бақылау нәтижесінде анықталған қателердің арасында *осында үш кітаптар тұрған/осында үш кітап тұрған; төрт қаламдар берді/төрт қалам берді; бес адамдар келді/бес адам келді* қателері бар. Қазақ тілі грамматикасында егер зат есімнің алдында сандық көрсеткіш берілсе, ол сөзге көптік жалғау жалғанбайды деген ереже бар. Себебі, санның өзі ол заттың бірден көп екенін көрсетеді. Респонденттер сөйлеуінде мұндай қателердің жиілігі жоғары.

Бүгінгі таңда сөйлеушілердің көпшілік аудиторияға бағыттап «Сіз білесіз» сөйленісін қолданғанын жиі кезіктіруге болады. Әрине,

дұрысында «Сіздер білесіздер» болуы тиіс. Бұл сөйленістің қате құрылуы орыс тіліндегі «Вы» жіктеу есімдігінің II жақ көпше түрде және «ты», яғни «сен» есімдігінің сыпайы немесе ресми формасы ретінде қатар қолданылуымен байланыстырылады. Сонымен қатар, берілген сөйленістің «Сіз білесіңіз» деген нұсқасы да кездесті. Бұл қатені қалай түсіндіруге болады?! Сөйлеуші көптік мағынада «Сіздер білесіздер» орнына қате қолданып тұрған «Сіз білесіз»-дің жекеше түрдегі нұсқасы «Сен білесің» екені белгілі. Сөйлеуші көпшілікке бағытталған сөйлеуінде берілген жекеше түрдегі нұсқадағы *сен* есімдігін *сіздер*-ге емес *сіз*-ге алмастырып, II жақ жекеше түрдегі *білесің* етістігінің орнына II жақ көпше түрінің сыпайы формасы *білесіздер* деп қолданбай, II жақ жекеше түрдегі *білесің* етістігіне *-із* қосымшасын жалғап тұр.

Тіркелген қателердің ішінде мен кітап оқығанды ұнатамын деудің орнына *мен кітапты оқығанды ұнатамын*, сіз сабақ айтқанда үнемі асығасыз деудің орнына *сіз сабақты айтқанда үнемі асығасыз* құрылымдары бар. Қазіргі тілімізде бір етістіктің бірде салт, бірде сабақты мәнде қолданылуы кең етек алған. Табыс септікті тура толықтауышты меңгеру немесе меңгере алмау қасиетіне қарай етістіктер салт және сабақты болып бөлінеді. Салт және сабақтылық категориясы етістіктің грамматикалық семантикасымен байланысты қалыптасқан құбылыс. Оның субъекті мен объектінің грамматикалық (синтаксистік) қатынасын өзгертіп отыратын ішкі семантикалық мазмұны болады (А. Ысқақов, 1991: 173).

Жинақталған тілдік материалдар арасында *оқытушыдарымға, үйімге* деген формалар кездесті. Берілген мысалда *оқытушы* сөзіне *-дар* көптік жалғауы мен *-ым* тәуелдік жалғауынан кейін барыс септігінің *-ға* жалғауы жалғанып тұрғаны назар аудартады. Дұрысы, *оқытушыларыма* екені мәлім. *Оқытушыдарымға, үйімге* сөздеріндегі қате *-а, -е* формаларының орнына барыс септігінің кең тараған *-ға, -ге* формаларының қолданылуында болып тұр деп ойлаймыз. Сонымен қатар, аталған мысалдарда *оқытушы* сөзіне көптік мағынаны беру үшін *-дар* жалғауының жалғанғанын көріп тұрмыз. Үндестік заңына сәйкес, *оқытушы* сөзіне көптік ұғымды білдіру үшін *-лар* жалғауы жалғануы тиіс. Себебі, сөз құрамындағы дауыссыздар қатаң дауыссыздар болғандықтан, сөзге әуелі ұяң дауыссыздан басталатын жалғау жалғануы тиіс.

Лексикалық қабаттағы узуалды құбылыстар.

Кез келген тұлғаның қандай да бір тілдің лексикасын меңгеруі өте ұзақ үдеріс. Сөздер жылдар бойы жинақталады, олардың әлеуметтік бекітілген мағыналары меңгеріліп, сөздерді қарым-қатынас кезінде мәнмәтінге байланысты қолдану дағдысы қалыптасады. Талдау барысында орыс тілі Т1, ал қазақ тілі Т2 болып табылатын қостілді қазақтардың қазақша сөйлеуі барысында орыс тілінің сөздерін өте жиі тасымалдайтыны назар аудартады. Мысалы: *хурманы жақсы көремін; персикті ұнатпаймын; наверное, сабақ болмайды; в перспективе осы мәселені обязательно қолға алыңыз; в принципе, ойлануға болады; категорически қарсымын; опять сол проблема қайталанып тұр; каждый год осылай болады, годовой отчетті тапсыру керек; медосмотр өту керек; санкция тапсырмады; к концу семестра дұрысталады; акимат запрашивать етіп жатыр* және т.с.с. сөйлеу құрылымдары үйреншікті жағдайға айналған. Бұның себебі, кейбір сөздердің қазақ тіліндегі баламасының қоғам арасында толық таралмауында және сөйлеушілердің тілдік санасында осы бір сөздердің белсенді болуында. Бұндай жайттары тек біздің зерттеуіміздегі респонденттердің емес, жалпы қазақ тілін иеленушілердің сөйлеуінде де көптеп кездеседі. Қазақ және орыс халықтарының географиялық, тарихи және саяси факторларға байланысты ұзақ жылғы қатынастарының салдарынан елімізде табиғи билингвизм орын алған. Сондықтан, көптеген қазақстандықтар сөйлеуінде интерференция, код араластыру, код ауыстыру сияқты лингвистикалық құбылыстардың орын алуы заңды.

Фонетикалық қабаттағы узуалды құбылыстар.

Қандай да бір екі тілдің ұзақ жылғы қатынастарының салдарынан екі тілдің барлық деңгейлерінде өзгерістер пайда болады деуге болады. Тіл деңгейлерлерінің өзгеруі бірдей жүзеге аспайды: лексикалық деңгей салыстырмалы түрде көбірек өзгереді; ал фонетика-фонологиялық деңгей көбінесе тұрақты болып келеді. Бұндағы өзгерістер ғасырлармен өлшенеді (О. Пуссинен, 2014: 145). Фонетикалық деңгейдегі өзгерістер мерзімі жағынан бірінші меңгерілген тілдің тұлғаның екінші тілінде акцент түрінде көрініс табуынан көрінеді. Біздің жағдайымызда қазақ тілі Т2 болып табылатын қостілді қазақтардың қазақша сөйлеуінде орыс тілінің акценті байқалады. Себебі, зерттеу нысанына алынып отырған респонденттердің бірінші

тілі орыс тілі. Қателерді тіркеу барысында екпіннің дұрыс қойылмауы ерекше көзге түсті. Қазақ тілінде екпін біршама тұрақты. Сөзге қосымша жалғанған сайын екпін сөздің соңғы буынындағы дауысты дыбысқа қарай ығыса береді. Респонденттер сөйлеуінде, әсіресе, кісі есімдерін атауда екпін жылжымалы сипатқа ие болып кетеді. Мысалы: Гульжана, Жанна, Дана, Гульзира, Альмира, Замира сияқты әйел есімдерін қазақша айтқанда Замира' деп соңғы буынға екпін түсуі керек, ал жинақталған тілдік материалдардан Зами'ра деп екпінді алдыңғы буындарға қойып сөйлеу үрдісі орын алғанын көруге болады. Жалпы интонация мәселесі бүгінгінің өзекті тақырыптарының бірі. Өйткені, фонетикалық интерференция себебінен қазақ тілінің төл сөздері, жалпы сөйлем құраудағы интонация өзгеріске ұшырауда. Оған тек орыс тілі емес, белсенді түрде меңгеріліп келе жатқан ағылшын тілінің әсер етіп отырғаны сөзсіз.

Қоғамдағы тілдік жағдайды қалыптастыратын тілдік саясат тіл қызметінің кеңеюіне, қолдану аяларының артуына, әлеуметтік коммуникативтік рөлінің жоғарылауына, әдеби тілдерді жасау мен дамытуға тікелей әсер ететін негізгі күш болып табылады.

Қорытынды

Әр елде тілдік жағдайдың қалыптасуының немесе өзгеруінің өзіндік ерекшеліктері болуы мүмкін. Қазақстан халқы үшін ұзақ жылдар бойы өмірдің барлық дерлік салаларында қатынас құралы ретінде орыс тілі басым болған. Экстралингвистикалық факторларға байланысты қазақ ұлтының өкілдерінде қазақ тілінде сөйлеу мүмкіндігі болмады. Алайда, тәуелсіздік жылдарында қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілген соң елдегі тілдік жағдаят өзгере бастады. Тілдік саясат қазақ тілін қоғамның барлық саласына қазақ тілін енгізуге бағытталды. Мемлекет тарапынан бұл мақсатта түрлі жұмыстар жүргізіліп, арнайы бағдарламалар ұсынылды. Қазақ тілін үйрену қажеттілігі орыс тілі Т1 болған барлық қазақстандықтың алдында тұрған негізгі мәселеге айналды, оны меңгеру орыстілді тұлғалардың басты міндеті болды. Қазақстан қоғамында орыс-қазақ қостілділігі орын ала бастады. Ана тілі немесе бірінші тілі орыс тілі болып табылатын республика азаматтарының мемлекеттік тілді меңгеру мәселесін зерттеу билингвалды, яғни қостілді тұлғаның қалыптасуы мен оған әсер ететін басқа факторларды қарастырумен байланысты. Зерттеудің басты мақсаты

көстілділердің сөйлеу ерекшелігін талдау болып табылады. Зерттеушілердің назарынан тысқары қалып жатқан орыс-қазақ көстілділігі зерттеу назарына алынды. Қазақ тілі Т1 болып табылатын барлық этностық қазақтардың сөйлеу тілі лингвистикалық талдауды талап етеді. Себебі, олардың тілінде интерференция салдарынан орын алған нормативтік қазақ тілінің ережелеріне бағынбайтын қолданыстар өте көп. Оларды қате деп санауға келмейді. Сипатына қарай оларды узуалды құбылыстар деп атаған

дұрыс. Қоғамның ең жауапты тобы ретінде педагогикалық қызметкерлер қандай болмасын саяси өзгерістерге икемді болып келеді. Қазақ тілін жаппай меңгеруге бағытталған тілдік саясат әсер еткен негізгі саланың бірі білім беру сала болып саналады. Педагогикалық қызметкерлердің қазақ тілін мақсатты түрде меңгеруі қысқа уақыт аралығында жүзеге асты. Көстілділік нәтижесінде билингвтердің қазақ тіліндегі сөйлеуінде орын алған ерекшеліктерге мақалада лингвистикалық талдау жасалды.

Әдебиеттер

- Хасанұлы Б. Тілдік қатынас негіздері. – Алматы: Қазмемқызпединституты, 2006. – 86 б.
- Протасова Е.Ю., Родина Н.М. Многоязычие в детском возрасте. – СПб.: Златоуст, 2005. – 272 с.
- Әбдіжәлелұлы Б. Тәуелсіздік және қазіргі қазақ тілі, 2016. Retrieved from <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=40250>
- Ахметжанова З.К. О языковой ситуации в Казахстане // Русский язык в социокультурном пространстве XXI в.: мат. межд. конф. – Алматы, 2001. – С. 27-33.
- Сүлейменова Ә.Д., Шаймерденова Н.Ж., Смағұлова Ж.С., Аканова Д.Х. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. – Астана: Арман-ПВ, 2008. – 392 б.
- Billiet J., Maddens B., Beerten R., National Identity and Attitude toward Foreigners in a Multinational State: A Replication. *Political Psychology* Vol. 24, No. 2, Special Issue: National Identity in Europe, 2003, P. 257
- Шайбакова Д.Д. Двужычие и его основные аспекты // Инновационные технологии в теории и практике преподавания языка и литературы: проблемы и пути решения: мат. межд. науч.-практ. конф. – Астана: ЕНУ им. Л.В. Гумилева, 2009. – С. 142-148.
- Томас Л. История современной психологии. – 3-е изд. – СПб.: Питер, 2003. – 448 с.
- Стернин И.А. О понятиях метод, методика, прием // Вопросы психолингвистики. – М.: Московская международная академия, 2008. – № 7. – С. 24-27.
- Вайнрайх У. Одноязычие и многоязычие // Новое в лингвистике. – М.: 1992. – 134 с.
- Хара Д. Риски возможных грамматических ошибок в русской речи японоговорящих // Инструментарий русистики: ошибки и многоязычие / Под ред. А. Никунласси, Е.Ю. Протасовой. – Хельсинки: Хельсинкский университет, 2014. – 320 с.
- Балақаев М., Тomanов М., Жанпейісов Е., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы. 2005. – 225 б.
- Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998. – 509 б.
- Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы : Ана тілі, 1991. – 384 б.
- Пуссинен О. Особенности произношения русских гласных эрзянскими билингвами // Инструментарий русистики: ошибки и многоязычие / Под ред. А. Никунласси, Е.Ю. Протасовой – Хельсинки: Хельсинкский университет, 2014. – 320 с.

References

- Akhmetzhanova Z.K. (2001) O yazykovoy situatsii v Kazakhstane [About the Language Situation in Kazakhstan] *Russkiy yazyk v sotsiokulturnom prostranstve XXI v.* [Russian language in the socio-cultural environment of the XXI century]: mater. mezh-dunar. konf. Almaty. 2001. P. 27-33 (In Russian)
- Akhanova D.Kh., Smagulova Zh.S., Suleimenova E.D., Shaimerdenova N.Zh. (2008) Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі [Dictionary of Sociolinguistic Terms]. Astana: Arman-PV, 2008. 392 p. (In Kazakh)
- Әбдіжәлелұлы Б. Тәуелсіздік және қазіргі қазақ тілі [Independence and today's Kazakh language], 2016, Retrieved from <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=40250> (In Kazakh)
- Balakyev M., Zhanpeisov E., Manaspayev B., Tomanov M. (2005) Қазақ тілінің стилистикасы [Stylistics of Kazakh Language]. Almaty. 2005. 225 p. (In Kazakh)
- Billiet J., Beerten R., Maddens B. (2003) National Identity and Attitude toward Foreigners in a Multinational State: A Replication. *Political Psychology* Vol. 24, No. 2, Special Issue: National Identity in Europe, 2003, P. 257
- Hasanuly B. (2006) Tildik qatynas negizderi [The Basics of Language Contacts]. Almaty: Kazmemkypedinstitut; 2006. 86 p. (In Kazakh)
- Қазақ тілі. Энциклопедия (1998) [Kazakh language. Encyclopedia]. Almaty: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998. 509 p. (In Kazakh)
- Khara D. (2014) Riski vozmoznykh grammaticeskikh oshibok v russkoy rechi yaponogovoryashchikh [Risks of possible grammatical errors in Russian speaking Japanese speakers] *Instrumentariy rusistiki: oshibki i mnogoyazychiye* [Tools of Russian

Studies: Errors and Multilingualism] pod red. Nikunlassi A., Protasovoy E.Yu.. Khelsinki: Khelsinkiy universitet. 2014. 320 p. (In Russian)

Pussinen O. (2014) Osobnosti proiznosheniya russkikh glasnykh erzyanskimi bilingvami [Pronunciation Features of Russian Vowels by Erzyan Bilinguals] Instrumentariy rusistiki: oshibki i mnogoyazychiye [Tools of Russian Studies: Errors and Multilingualism]. pod red. Nikunlassi A., Protasovoy E.Yu. Khelsinki: Khelsinkiy universitet. 2014. 320 p. (In Russian)

Rodina N.M., Protasova E.Yu. (2005) Mnogoyazychiye v detskom vozraste [Multilingualism in Childhood]. SPb.: Zlatoust; 2005. 272 p. (In Russian)

Shaybakova D.D. (2009) Dvuyazychiye i ego osnovnyye aspekty [Bilingualism and its main aspects] Innovatsionnyye tekhnologii v teorii i praktike prepodavaniya yazyka i literatury: problemy i puti resheniya [Innovative technologies in the theory and practice of teaching language and literature: problems and solutions]: mater. mezhdunar. nauch.-prakt. konf. Astana: ENU im. L.V. Gumileva. 2009. P. 142-148. (In Russian)

Sternin I.A. (2008) O ponyatiyakh metod, metodika, priyem [About the Concepts of Method, Technique and Technique] Voprosy psikholingvistiki [Questions of Psycholinguistics]. M.: Moskovskaya mezhdunarodnaya akademiya. 2008. № 7. P. 24-27. (In Russian)

Tomas L. (2003) Istoriya sovremennoy psikhologii [History of Modern Psychology]. 3-e izd. SPb.: Piter. 2003. 448 p. (In Russian)

Vaynrayh U. Odnoyazyichie i mnogoyazyichie [Monolingualism and multilingualism] Novoe v lingvistike. M.: 1992. 134 s. (In Russian)

Үсқақов А. (1991) Қазіргі қазақ тили. Морфология [Modern Kazakh language. Morphology]. Almaty: Ana tili, 1991. 384 p. (In Kazakh)